

«Ақмола облысы білім басқармасының
Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі
Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы
Жібек жолы ауылының
жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

2020-2021 оқу жылының
Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс есебі

2021 жыл

И.Құтпанұлы орта мектебінің 2020-2021 оқу жылындағы әлеуметтік педагогтың жарты жылдық есебі:

1 қыркүйектен бастап «Менің таңдауым - балаларға көмек көрсету» ұранымен өткен «Мектепке жол» республикалық акциясының жоспарлы түрде өткізілді. Акция барысында әлеуметтік-қорғансыз отбасы және көпбалалы отбасылар базасын жаңартылып, көмекке мұқтаж балаларды анықтап, оларға киім кешек, оқу құралдарымен қамтамасыз етілді. Акция барысында балаларға спонсорлардан алынған киім кешек табыс етілді. Толық емес жанұядан, көпбалалы отбасынан, жетім, аз қамтылған отбасынан шыққан балаларға демеушілік көмек көрсетілді.

Мектеп кітапханашысы жетім, жартылай жетім, көпбалалы, тұрмысы төмен отбасынан шыққан балаларға тегін оқулықтар таратты.

Қыркүйек айының 10-на дейін сынып жетекшілермен бірлесе отырып, мектептің әлеуметтік паспорты жасалды. Мектепте: 4 бала қамқоршылықтағы балалар, 10 мүгедек бала, 4 үйде оқитын бала, 344 көпбалалы отбасы, 197 аз қамтылған отбасы, 76 толық емес отбасы бар.

Мектеп жас ұрпақтың бойына адамгершілік, ізгілік, қамқорлық, қайырымдылық сияқты асыл қасиеттерді бойына дарыту мақсатында әлеуметтік жағынан қорғалмаған және күнкөрісі төмен отбасылардағы балаларға қамқорлық көрсетеді. Мектепте «Мектепке жол» акциясы құрылған жоспар бойынша жүзеге асырылады. «Бақытты балалық шақ аумағы» атты ұранымен басталған әлеуметтік қорғалмаған отбасынан шыққан балаларға материалдық көмек көрсетілді. Елімізде болып жатқан пандемияға байланысты оқушылар қашықтықтан оқытылуда.

Ақмола облысы Көкшетау қаласының әкімшілігі аз қамтылған және аз қамтылған көпбалалы отбасыларынан шыққан оқушы балаларға қаржылай көмек көрсетті. Мектептің 109 оқушысының әр қайсына 22 000 теңгеден ата-аналарының есеп шоттарына аударылды. Көрсетілген көмек баланың мектеп формасымен құрал-жабдықтарына арналды, сонымен бірге қараша айында ж 101 оқушының әр қайсына 22 000 теңгеден аударылды.

Көп балалы аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларды мектеп директоры оқу құралдармен қамтамасыз етті. Ата-ана қамқорлығынан айырылған балалардың қамқоршысынан есеп алынды. «Мектепке жол» акциясы аясында мектеп жасындағы барлық балаларды оқумен қамту шаралары өткізіліп, соның ішінде аз қамтылған отбасы, көпбалалы отбасы, толық емес отбасы балалары, қатерлі топтағы және әлеуметтік әлсіз топтағы балалар оқулықпен қамтамасыз етіледі.

25 тамыз күні, үйде оқитын 3 оқушы : Оңдасын Наби, Шапай Мирас, Бизат Тәңірхан ПМПК тексеруінен зум платформасымен онлайн өтті. Әлеуметтік педагогтың жылдық жоспары жасалды.

Елімізде болып жатқан пандемияға байланысты оқушылар қашықтықтан оқытылуда. Осыған орай мектеп тарапынан оқушыларға 112 ноутбук, 16 компьютер таратылды. Оның ішінде 2 қамқоршылықтағы оқушыға, 17 атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасыға, 67 аз қамтылған және 26 ноутбукқа мұқтаж отбасыларға уақытша берілді.

Жыл сайын мектепте жас ұрпақтың бойына адамгершілік, ізгілік, қамқорлық, қайырымдылық сияқты асыл қасиеттерді бойына дарыту мақсатында әлеуметтік жағынан қорғалмаған және күн көрісі төмен отбасылардағы балаларға қамқорлық көрсетіледі. Әлеуметтік қорғалмаған отбасынан шыққан балаларға материалды көмек көрсетіліп, мектеп жасындағы оқушылардың күнделікті онлайн сабаққа қатынасуы қадағаланады.


Оқушылар арасында құқық бұзушылықтың және балалардың қараусыздығы мен панасыздығының алдын алу мақсатында жұмыс жасалынды. Мектептің ДТІЖО Ишмухаммедова Ұ. және сынып жетекшілермен біріге отырып ауыл ішінде кешкі рейд жасалынды. Көшеде біздің мектепте оқитын оқушылар болмады. Қолайсыз отбасынан шыққан 1 «Б» сынып оқушысы Сақтағын Асхаттың үйіне сынып жетекшісімен барып тұрмыстық акт жасалды және ауыл әкімшілігімен бірігіп ата-ана Ижанова Назираның үйіне, 1 «Д» сынып оқушысы Асқарқызы Томирстің үйіне барып тұрмыстық жағдайлары тексерілді. Жоғарғы сынып оқушылары үй тапсырмаларын уақытылы орындамай, мұғалімдерге жібермейтін балалардың үйіне сынып жетекшілерімен барып, оқушы және ата-аналарымен тәрбие сағаты өткізілді. Ата-аналарынан түсініктеме алынып, тұрмыстық акт жазылды. 12 қазан күні Әзберген Жәнәбіл Аршалы ауданынан кезекті ПМПК тексеруінен өтті.


Қараша айында аз қамтылған көмекке мұқтаж 70 отбасыға «Қазақстан Қызыл Айы» қорынан азық-түлік, шаруашылық тауарлар және кеңсе тауарларымен қайырымдылық іс-шарасы өткізілді. Адамдар арасындағы өзара жақсы қарым-қатынасты нығайту, адамшылық, қайырымдылық, түсіну, өзара көмек, өз-өзінің адамгершілігін кемелдендіру, жақсы мінез-құлық ережесін басты мақсат ала отырып, өткізілген іс-шара ойдағыдай өтіп, ата-аналардың алғысын алдық.



Мектепке жаңадан келген оқушылардың әлеуметтік жағдайы сынып жетекшілерімен бірге толық анықталып, тексеріліп, аз қамтылған көпбалалы отбасылардың жеке тізімдеріне енгізілді.

Қазақстанда 2020 жылғы 25 желтоқсаннан бастап 2021 жылғы 5 қаңтарға дейін шектеу шаралары күшейтілуіне байланысты қамқоршылықтағы балалар үшін жыл сайын аудан әкімінің шыршасы өткізілмей қалды. Аудан әкімшілігі қамқоршылыққа алынған 4 оқушыға бейне құттықтау жолдап, әр балаға қамқоршының есеп шоттарына жаңа жылдың сыйлық ретінде 50 000 мың теңгеден аударды. Балалар өте қуанышты екендерін айтып алғыстарын білдірді.





Қамқорлыққа алынған 4 оқушының заңды өкілдері (қамқоршылары) 6 ай сайын мектептегі әлеуметтік педагогқа есептерін тапсырып отырады. Осы желтоқсан айының соңына қарай қамқоршының есебіне қосымша құжаттар қосылды. Қосылған құжаттар толық жиналып, Аршалы аудандық білім бөліміне тапсырылды.




Мектеп мұғалімдерімен бірлесе отырып, қысқы демалыс уақытын тиімді пайдалану үшін 2-3 баладан шаңғы тебу, шана жарысытары өткізілді. Онлайн сурет салу, музыка өнері, технология пәндерінің мұғалімдері тапсырма беріп, оны қадағалап отырды.

Мектептің ата-анасы көмек ретінде жаңа жылға орай аз қамтылған көпбалалы отбасыларына жаңа жылдық сыйлықтар таратты. Мектеп бойынша 48 бала сыйлықтарын алды.



Жоспар бойынша «Қамқорлық» акциясын жүзеге асыру мақсатында әлеуметтік педагог ретінде «Қамқорлық жұма» қорының волонтерларымен байланыс орнатып, мектебіміздің бірнеше отбасына көмек жасалынды. Аталған акция алдағы уақытта да өз жұмысын жалғастыратын болады.



Наурыз айынан бастап 1,2,3,4,5 және 9,11 сыныптар оффлайн оқу фарматына көшті, сондықтан тегін тамақ ішуге ата-аналардан құжаттар жиналды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына

шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидалары»- бойынша 1 сынып оқитын оқушылар толық тегін тамақпен қамтылсын деп шешілді.. Ал 2,3,4,5,9 және 11 сынып оқушыларының тапсырған құжаттары комиссия мүшелерімен қаралып, тізімі жасалып, бекітілді.

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Мәртебесі
1	Жұмабай Аяна	4 Г	Азқамтылған отбасы
2	Садвакасова Аниса	5 В	Көпбалалы отбасы
3	Садуақас Алина	4 В	Көпбалалы отбасы
4	Теңелбай Айдана	4 Б	Көпбалалы отбасы
5	Теңелбай Данияр	3 В	Көпбалалы отбасы
6	Қалымтай Саида	5 Б	Көпбалалы отбасы
7	Қалымтай Аида	3 А	Көпбалалы отбасы
8	Уәлихан Айғаным	3 Ә	Көпбалалы отбасы
9	Уәлихан Аяулым	5 В	Көпбалалы отбасы
10	Құралбай Саят	4 В	Көпбалалы отбасы
11	Болатбекқызы Айсұсу	2 Г	АСП
12	Болатбекқызы Айжұлдыз	3 Г	АСП
13	Болатбекқызы Аяулым	5 Г	АСП
14	Муханбет Томирис	3 А	АСП
15	Токанова Айдана	9 Б	Қамқоршылықта
16	Арғынбай Жанерке	9 Ә	Қамқоршылықта
17	Тұрғанбек Асыланбек	9 Б	Көпбалалы отбасы
18	Тұрғанбек Ақниет	5 Г	Көпбалалы отбасы
19	Тұрғанбек Айша	3 А	Көпбалалы отбасы
20	Тұрғанбек Ақбота	2 В	Көпбалалы отбасы
21	Изтурган Нұрмұхаммед	2 Б	Көпбалалы отбасы
22	Бекболат Еламан	4 Г	АСП
23	Ижанов Нұрислам	5 В	АСП
24	Халмұрат Сабина	5 В	Көпбалалы отбасы
25	Халмұрат Селиза	3 А	Көпбалалы отбасы
26	Еремейко Никита	5 Д	Азқамтылған отбасы
27	Еремейко Жасмин	4 А	Азқамтылған отбасы

Наурыз айында бір мезгіл ыстық-тегін тамаққа тапсырып үлгермеген ата-аналар сәуір айында құжат тапсыруға мүмкіндік алды. Тапсырылған құжаттар қаралып, төмендегідей тізім бекітілді.

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Мәртебесі
1	Әшім Айша	3 Б	Көпбалалы отбасы
2	Әшім Кәусәр	5 А	Көпбалалы отбасы
3	Сымбатұлы Нұралы	3 А	Көпбалалы отбасы
4	Сымбатқызы Әдемі	5 В	Көпбалалы отбасы
5	Қамбарбек Нұрасыл	3 А	АСП
6	Қамбарбек Нұркәусәр	2 Ә	АСП
7	Тахарбекқызы Ақерке	9 Б	Азқамтылған отбасы
8	Тахарбекқызы Мейірім	4 Г	Азқамтылған отбасы
9	Сабитқызы Фатима	4 Ә	Азқамтылған отбасы
10	Қыдырхан Нұрсана	4 В	АСП
11	Қыдырхан Ақерке	5В	АСП
12	Әлхан Асылбек	4 В	Көпбалалы отбасы
13	Қанатбай Дәмелі	4 В	Азқамтылған отбасы
14	Қанатбай Үміт	2 Ә	Азқамтылған отбасы
15	Оразалы Гүлсезім	3 В	Көпбалалы отбасы

Асхана иесі 10 оқушыны меморандум бойынша өз қаражатына тамақтандыруда.

Сәуір айында ПМПК өтетін мүмкіндігі шектеулі оқушылардың тізімі жасалып, Аршалы ауданына тапсырылды. Жоспар бойынша тексерістен өтуге төрт (4) оқушы тізімге енгізілген. Тізімнен Смайл Зарина денсаулығына байланысты бара алмады. Ал Асылхан Бахтияр, Ербол Қадыржан, Сәндібек Әлімхан 27.04.2021ж. ПМПК тексеруінен өтті. Нәтижесі ата-аналарының қолына тапсырылып, көшірмесінің бір данасы алынды.

21.05.2021ж. 1 «ә» сынып оқушысы Оразбай Оралхан Аршалы ауданынан ПМПК тексеруінен өтіп, мүмкіндігі шектеулі оқушылар тізіміне енді.